

«БЕКІТІМІ»
Мектеп директоры м.а:
А.Б.Небусинова
« 29 » тамаз 2024жыл



Келісемін:
ДТЖО
Р.Н.Айтекенова
« 29 » тамаз 2024ж

ӘБ отырысында каралды:
ӘБ жетекшісі:
Г.К.Кшаева
« 29 » тамаз 2024ж

«Ақсу негізгі орта мектебі» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН
«БІРТҰТАС ТӘРБИЕ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Сынып 4

Сынып жетекшісі: Кшаева Гүлнұр Қуанышқызы

2024 жыл

«БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

- Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиел
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және адептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
енбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**
әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.
- **Бағдарлама мазмұны:**
Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.
Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

• **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;

мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;

дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;

отбасының құндылығын түсіну;

тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;

қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Бастауыш мектеп түлегі:

командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;

өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;

басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;

бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;

тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Бастауыш мектеп түлегі:

шындықты айту;

достыққа адал болу;

жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;

өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;

заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Бастауыш мектеп түлегі:

өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген

немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;

кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының

құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

✓ Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Бастауыш мектеп түлегі:

мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол
жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

✓ Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық

Құзыреттілік: шығармашылық

Бастауыш мектеп түлегі:

қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде
қорытынды жасай алу;
жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде
қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа
да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.
- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу.
- «Күй күмбірі» – қоныраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

4 сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

1 қыркүйек – «Білім күні»

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні

Қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні

Қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні

Қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні

I тоқсан

1-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына» (Мұзафар Әлімбаев)

| № | Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|--|---|----------------------------|--------------------------------|-----------------|
| 1. | 1 қыркүйек - Білім күні. «Менің Отаным - Қазақстан!» | Алғашқы сабақ | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 02.09.2024ж. |
| 2 | Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №1-САБАҚ: 4-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері». «Мемлекеттік тіл – ұлт тірегі!» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 02.09.2024ж. |
| 2-апта дәйексөзі: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!» | | | | |
| 3. | №1ЖЖЕ «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері. «Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №2-САБАҚ: 4-сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» | Сынып сағаты видеоролик | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 09.09.2024ж. |
| 3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай) | | | | |
| 4 | «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №3-САБАҚ 4-сыныптар: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата-аналардан жасыруға болмайды?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 16.09.2024ж. |
| 4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы». (Абай) | | | | |
| 5 | «Еңбек елдің көркі, ер елдің көркі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №4-САБАҚ 4-сыныптар: «Қалай өз - өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 23.09.2024ж. |
| Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық | | | | |

| | | | |
|---|---|--------------|--|
| 1 қазан – Халықаралық қарттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні | | | |
| 1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» | | | |
| 6 | «Қарттарым аман - сау жүрсін!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 5-САБАҚ 4-сыныптар: «Бейтаныс адамдардың қулығы» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 30.09.2024ж. |
| 2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!» | | | |
| 7 | №2 ЖЖЕ «Жүргіншілер өтпелері» «Ұстазым - ұлагатым, үлгі өнегем!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 6-САБАҚ 4- сыныптар: «Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 07.10.2024ж. |
| 3-апта дәйексөзі: «Отанды сүйу – отбасынан басталады» | | | |
| 8 | «Ұлылар ізімен». Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 7-САБАҚ 4- сыныптар: «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 14.10.2024ж. |
| 4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!» | | | |
| 9 | «Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №8-САБАҚ 4- сыныптар: «Ата – аналардың бақылауы» бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 21.10.2024ж. |
| Қараша – әділдік және жауапкершілік айы 15 қараша – «Ұлттық валюта» теңге күні 16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні | | | |
| II тоқсан 1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!» | | | |
| 10 | «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 9-САБАҚ 4- сыныптар: «Әлеуметтік желідегі қауіпті | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 04.11.2024ж. |

| | | | | |
|--|--|---|--------------------------------|--------------|
| | ойындар» | | | |
| 2-апта дәйексөзі: «Тура биле туған жоқ!» | | | | |
| 11 | Ұлттық валюта – теңге күні | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 11.11.2024ж. |
| 3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі» | | | | |
| 12 | «Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туганына 100 жыл» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 11-САБАҚ <i>4-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері»</i> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 18.11.2024ж. |
| 4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!» | | | | |
| 13 | «Оян, ар мен адалдық!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 12-САБАҚ <i>4-сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»</i> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 25.11.2024ж. |
| Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы | | | | |
| 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні | | | | |
| 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні | | | | |
| 1-апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады» | | | | |
| 14 | «Дүниежүзілік Еріктілер күні» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 13-САБАҚ <i>4-сыныптар: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата - аналардан жасыруға болмайды?»</i> | Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 02.12.2024ж. |
| 2-апта дәйексөзі: « Ұнтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді» | | | | |
| 15 | «Қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туганына 130 жыл» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 14-САБАҚ <i>4-сыныптар: «Қалай өз - өзінді қауіпсіз қорғауға болады?»</i> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 09.12.2024ж. |
| 3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас» | | | | |
| 16 | «Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 15-САБАҚ <i>4-сыныптар: «Бейтаныс адамдардың қулығы»</i> | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 16.12.2024ж. |

| 4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған» | | | |
|--|---|--------------|--|
| 17 | «Жаңа жылдық тарту» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16-САБАҚ 4- сыныптар: «Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 23.12.2024ж. |
| III тоқсан | | | |
| Қаңтар – заң және тәртіп айы 1 қаңтар – Жаңа жыл | | | |
| 1-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар» | | | |
| 18 | №3 ЖЖЕ «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмею» «Құқық - әділет пен парасат жолы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ 4- сыныпта: «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 13.01.2025ж. |
| 2-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы» | | | |
| 19 | «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18-САБАҚ 4- сыныптар: «Ата – аналардың бақылауы» бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 20.01.2025ж. |
| 3-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» | | | |
| 20 | «Адалдық пен әділдік» № 19-САБАҚ 4- сыныптар: «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 27.01.2025ж. |
| 4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол» | | | |
| 21 | «Менің ертеңім...» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ 4-сыныптар : «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 03.02.2025ж. |
| Ақпан – жасампаздық және жанашылдық 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні | | | |

| 1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге» | | | |
|--|---|--------------|--|
| 22 | «Қауіпсіз интернет» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 21-САБАҚ 4-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 10.02.2025ж. |
| 2-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер» | | | |
| 23 | «Ой мен ойын» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 22-САБАҚ 4- сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 17.02.2025ж. |
| 3-апта дәйексөзі: «Жаңа заман - жаңа ғасыр» | | | |
| 24 | «Мінез – көңіл айнасы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 23-САБАҚ 4- сыныптар: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата - аналардан жасыруға болмайды?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 24.02.25ж. |
| 4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы» | | | |
| 25 | «Күйі күмбірі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 24-САБАҚ 4- сыныптар: «Қалай өз - өзінді қауіпсіз қорғауға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 03.03.2025ж. |
| Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алғыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні | | | |
| 1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы) | | | |
| 26 | «Алғыс – ізгі ниет» Алғыс айту күні Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №25-САБАҚ 4-сыныптар: «Бейтаныс адамдардың қулығы» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева 10.03.2025ж. |
| 2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік» | | | |
| 27 | ЖЖЕ № 4 «Жаракаттанған, жаралап алған кезде | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі 17.03.2025ж. |

| | | | | |
|---|---|--------------|--------------------------------|--------------|
| | алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану» «Ана - өмірдегі ұлы есім!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 26-САБАҚ <i>4-сыныптар:</i> «Виртуалды достардан болатын қауіптен қалай сақтануға болады?» | | Г.К. Кшаева | |
| 3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады» | | | | |
| 28 | «Наурыз – құт-береке бастауы!» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 27-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Күдікті заттар анықталғанда жасалатын бес қадам» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 07.04.2025ж. |
| IV тоқсан | | | | |
| Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні | | | | |
| 1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» | | | | |
| 29 | ЖЖЕ №5 «Сен – велосипедшісің» «Жер сағаты» Дүниежүзілік Жер күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 28-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Ата – аналардың бақылауы» бағдарламасы балаларға арналған жеңілдіктер» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 14.04.2025ж. |
| 2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай) | | | | |
| 30 | «Салауатты өмір - нұрлы балалық шақ» <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 29-САБАҚ <i>4- сыныптар:</i> «Әлеуметтік желідегі қауіпті ойындар» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 21.04.2025ж. |
| 3-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» | | | | |

| | | | | |
|---|---|--------------|--------------------------------|--------------|
| 31 | «Ғасыр жаңалығы ғарыш» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №30-САБАҚ 4- сыныптар: «Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 28.04.2025ж. |
| 4-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді» (Леонардо да Винчи) | | | | |
| 32 | «Мәдениет - ұлт өмірінің айнасы» № 31-САБАҚ 4-сыныптар: «Төтенше қызмет нөмірлері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі | 05.05.2025ж. |
| 5-апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» | | | | |
| 33 | «Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қазақстан халықтарының бірлігі күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ: 4-сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 12.05.2025ж |
| <p>Мамыр – бірлік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні</p> | | | | |
| 1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ» | | | | |
| 34 | «Ерлер жердің қорғаны, елдің тұтқасы..» Отан қорғаушылар күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 33-САБАҚ 4- сыныптар: «Не жөнінде үндемей қалуға және ата - аналардан жасыруға болмайды?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 19.05.2025ж. |
| 2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ» | | | | |
| 35 | «Көше жүргізушілер көзімен»ЖЖЕ №6 «Ер мен Жердің жеңісі» Жеңіс күні <i>Қауіпсіздік сабағы (10 минут)</i> № 34-САБАҚ 4- сыныптар: «Қалай өз - өзіңді қауіпсіз қорғауға болады?» | Сынып сағаты | Сынып жетекшісі Г.К. Кшаева | 19.05.2025ж. |